



Автор: Токаева Назгуль Муратбековна

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Абайды оқы, таңырқа!

Тақырып: Абайдың жетінші қарасөзі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.1.2.1. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6.2.1.1. Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау.
Сабақтың мақсаты:	1. Шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіну; 2. Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасай алу; 3. Қарасөзде көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни көзқарас жасау.
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика мен терминология: автор үні, оқырман сезімі, шығармадағы құндылық. Оқушылар түсінеді және сипаттайды. Диалог және жазылымға пайдалы тіркестер: Менің ойымша..., Қорытындылай келе... Шығармадағы тірек сөздер: ішсем, жесем, ұйықтасам деп, бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ.
Күтілетін нәтиже:	Шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсініп, шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасай алады және қарасөзде көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни көзқарас білдіре алады.
Бағалау критерийлері:	- Шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсінеді, анықтайды; - Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме табады, талдау жасайды; - Қарасөзде көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни көзқарасын тұжырымдайды.
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік ел» жалпыұлттық құндылықтар: - Тіл және мәдениет; - Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; - Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; - Қарым-қатынас жасау қабілеті; - Өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; - Отбасы құндылықтары; - Өмір бойы оқуға дайын болу. Құндылықтарға баулу адамгершілік, төзімділік, еңбекқорлық, адалдық, жауапкершілік, жалпы адамдардың әлеуеті және қоршаған адамдардың әлеуеті туралы көзқарасымыздың қалыптасуына негіз болады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	тарих, география
Бастапқы білім:	А.Құнанбайұлы «Бірінші қарасөзі».

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (08:45-08:55)	1.Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Топқа бөлу: Оқушылар «Тән», «Жан», «Таңдау» тобы болып үш топқа бөлінеді. Әркімге топ аттарын айтып, шығамын. Есте сақта арқылы өз топтарына барып отырады. «Жүректен жүрекке» әдісі Әр топтан топтың басылары тілек білдіріп, бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді. Үй тапсырмасын сұрау. «Аялдама» әдісі. Алдыңғы сабақты пысықтап, үй тапсырмасын «Аялдама» әдісімен тексеріп өтемін. Дескриптор: - Бірінші қарасөздегі бағудың түрлерін жатқа айта алады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (08:55-09:20)	Мағынаны тану кезеңі. Тыңдалым алды жұмыс. Интерактивті тақтадан Абайдың «Жетінші сөзін» тыңдату. 1- тапсырма. «Тұжырымдамалық карта» әдісі. 1 топ – Абайдың жетінші қарасөзінің тақырыбы мен идеясын ашу, тірек сөздерді тізбектеп жаз. 2 топ-Венн диаграммасы арқылы тән құмарлығы мен жан құмарлығын салыстыра сипаттау. 3 топ- «Үш қадам » кестесін толтыру. 1-қадам2-қадам3-қадамҚарасөзде көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді анықтаңдар Ақынның жан құмарлығы мен тән құмарлығы туралы ой қозғау себебі қазіргі өмірде өзекті ме? Неліктен?Әңгіме оқиғасын бүгінгі өмірмен байланыстыр және ойыңды дәлелде. Дескриптор: - Жетінші қарасөзінің тақырыбы мен идеясын ашады; - Ақынның жан, тән құмарына жататын қасиеттерді атап, салыстыра сипаттай алады; - Жетінші қарасөзіндегі анықталған мәселені табады, ақынның жан құмарлығы мен тән құмарлығы туралы ой қозғау себебін анықтайды, бүгінгі күнмен салыстыра отырып, өз ойын жеткізеді; - Әңгіме оқиғасын бүгінгі өмірмен байланыстырып, дәлелдер келтіреді. 2-тапсырма. «Уақыт тізбегі» әдісі. Оқушылар топта өзара ақылдасып, ойларын ортаға салады. 1- топ: «Екі жақты күнделік» әдісі. Абайдың бала күнімізде жақсы екенбіз деуі дұрыс па? ияжоқ 1. 2. 3. Түйін: 1. 2. 3. 2- топ: ПОПС формуласы бойынша талдаңыз: Абай неліктен «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? - дейді». 1.«Менің ойымша ... » 2. «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...» 3. «Оны мен мына мысалдармен, фактілермен дәлелдей аламын... » 4. «Осыған байланысты мен мынадай шешімге келдім...» 3-топ: «Төрт сөйлем» әдісі. Ойыңды 4 сөйлем тәсілі арқылы жүйілі жеткіз. 1. Пікір. Ақын көзқарасы туралы пікіріңді бір сөйлеммен айт. 2. Дәлел. Пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде. 3. Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір. 4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығар. Дескриптор: - Ақынның басымдылықты адамның қай мінезіне бергенін табады; - Ақын пікірін қолдайды; - Әр түрлі тәсілдермен ойларын жүйелі жеткізеді; - Екі жақты пікір бере алады. Қосымша сұрақ: Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады; біреуі, ішсем, жесем, ұйықтасам деп, ал біреуі; білсем, көрсем, танысам екен деп.. Ақын басымдылықты адамның қай мінезіне береді, не себепті?	Бағалау-саралау https://www.youtube.com/watch?v=hETDztVX9ko Көз жаттығуы https://www.youtube.com/watch?v=_lx7d4elkVE Түсіну-жауап беру

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (09:20-09:25)	Сабақ рефлексиясы. «Емен ағашы» тәсілі/өз-өзіңді бағала Оқушының өзін-өзі бағалауына және сабақ туралы пікір айта алуына тамаша тәсіл. Сабақ соңында оқушы сабақта өзін қалай ұстады, қандай дәрежеде өз білімін көрсете алды, ағаштан өзін тауып, аты жазылған стикерді жапсырады. Кері байланыс: «Сезім мүшелері». Көзіңмен не көрдің? 5e3145057ca88.png Image not found or type unknown Құлағыңмен не естідің? 5e31450fcc1f4.png Image not found or type unknown Жүрекпен не сездің? 5e31451d24dd7.png Image not found or type unknown Үй тапсырмасы: «Білім емес, байлық жиғандар саны артып келеді» деген тақырыпта Абай ізімен қарасөз жазып келу/ 120 сөз.	Анализ-интерпретация 5e31454835824.png Image not found or type unknown
Рефлексия (3 минут)	Оқушының өзін-өзі бағалауына және сабақ туралы пікір айта алуына байланысты "Емен ағашы" рефлексиясы жүргізілді.	5e3145fb1e94a.png Image not found or type unknown